**Мемлекеттік мекемелердің ережелерін бекіту туралы**

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 5 желтоқсандағы № 556 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Кентау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік мекемелердің Ережелері осы қаулының қосымшаларына сәйкес жаңа редацияда бекітілсін:

1)1-қосымшасына сәйкес "Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

2)2-қосымшасына сәйкес "Кентау қаласы әкімдігінің "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

3)3-қосымшасына сәйкес "Кентау қаласы әкімдігінің "Байылдыр ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

4)4-қосымшасына сәйкес "Кентау қаласы әкімдігінің "Қарнақ ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

5)5-қосымшасына сәйкес "Кентау қаласы әкімдігінің "Хантағы ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

6)6-қосымшасына сәйкес "Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

7)7-қосымшасына сәйкес "Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

8)8-қосымшасына сәйкес "Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

9)9-қосымшасына сәйкес "Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

10)10-қосымшасына Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

11)11-қосымшасына Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

12)12-қосымшасына Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

13)13-қосымшасына Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі;

14)14-қосымшасына Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі.

2. Кентау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 01 ақпандағы №29 "Мемлекеттік органдардың Ережелерін бекіту туралы" қаулының күші жойылды деп танылсын.

3. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кентау қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *Ж.Тасов*

Кентау қаласы әкімдігінің
"___" _______2024 жылғы
№___ қаулысына 1-қосымша

**"Кентау қаласы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер**

1. "Кентау қаласы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Аппарат) қала әкімінің қызметін қамтамасыз ететін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Аппараттың ведомстволары бар.

3. Аппарат өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Аппарат мемлекеттік мекеменің ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Аппаратөз атынан азаматтық – құқықтық қатынастарға түседі.

6. Аппарат егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Аппарат өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Аппарат басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Аппараттың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

10. Заңды тұлғаныңорналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Кентау қаласы, А.Яссауи даңғылы №87, индекс:160405

11. Осы Ереже Аппараттың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Аппараттыңкызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заннамасына сайкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Аппаратқа кәсіпкерлік субъектілермен Мемлекеттік органның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Ереже Мемлекеттік органға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

**2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

14. Мақсаттары:

1) Қала әкімдігінің және әкімнің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің, Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі мен Премьер-Министрінің актілері мен тапсырмаларының, Түркістан облысы және қала әкімдігінің қаулылары мен хаттамалық тапсырмаларының, Түркістан облысы және қала әкімінің шешімдері мен өкімдерінің орындалу барысы туралы қала әкімін жүйелі түрде хабардар етіп отыру, олардың орындалуына бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

3) Заңнамада белгіленген құзыреті шегінде Қазақстан РеспубликасыныңПрезиденті, Казакстан Республикасының Үкіметі, Түркістан облысы және қала әкімі,Түркістан облысы және қала әкімдігі қойған міндеттерді іске асыру бойынша қаланың мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіру;

4) Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сәйкес әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын әзірлеуге, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру тетігін жетілдіруге катысу;

5) Орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-кимыл жасау;

6) Қаланың жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіру;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа даміндеттерді жүзеге асыру;

15. Өкілеттіктері:

Құқықтары:

1) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарынан кажетті акпаратты, кұжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;

2) қаланың атқарушы органдарының кызметін үйлестіру;

3) өз өкілеттіктері шегінде шарттар, келісімдер жасасу;

4) Заңнамада белгіленген тәртіппен қала әкімі аппаратының және әкімінің мүдделерін білдіруді жүзеге асыру;

5) Қала аумағында орналасқан ұйымдардың басшыларына кұзыретіндегі мәселелер бойынша қажетті тапсырмалар беру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінін жане өзге деҚазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасының нормаларынорталық атқарушы органдардың, Түркістан облысы әкімінің және қала әкімінің актілері мен тапсырмаларын нақтылы және сапалы орындау:

3) Мемлекеттік мекемеге бекітілген коммуналдық мүліктің сақталуынкамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттердіжүзеге асыру.

16. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан РеспубликасыҮкіметінін, қала әкімі мен әкімдігінің, өзге де жоғары тұрған мемлекеттік органдардың актілері мен тапсырмаларын орындау мәселелері бойынша қаланың атқарушы органдарының қызметін үйлестіру және олардың орындалу барысы туралы тиісті ақпарат дайындауды ұйымдастыру;

2) Қала әкімінің Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен,Үкімет Аппаратымен, Түркістан облысының әкімі аппаратымен және өзге де жоғары тұрған мемлекеттік органдармен езара іс-қимылын қамтамасыз ету;

3) Қала әкімі мен әкімдігінің жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, қалалық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдармен, орталық атқарушы

органдардың қалалық аумақты қоргандарымен, саяси партиялармен өзара іс-кимылын ұйымдастыру құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзге де ұйымдармен өзара іс-кимылынұйымдастыру;

4) Қала әкімдігіне тікелей бағынатын мемлекеттік органдардың құрылымын жетілдіру, құру, тарату және кайта ұйымдастыру жөніндеұсыныстар дайындау;

5) Қала әкімі мен әкімдігі актілерінің жобаларына құқықтық сараптама жүргізу;

6) Қала әкімдігі қабылдаған қаулылардың, қала әкімінің шешімдері мен әкімдерінің құқықтық мониторингін жүзеге асыру;

7) соттарда және сот сатыларында, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарда, мемлекеттік мекемелерде, меншіктің кез келген нысанындағы кәсіпорындарда қала әкімі мен әкімдігінің, қала әкімі аппаратының мүдделерін белгіленген тәртіппен білдіру жане қорғау;

8) Конкурстық, тәртіптік және кадр мәселелері жөніндегі өзге декомиссияларды ұйымдастыру, мемлекеттік қызметті өткеруге байланысты тиісті құжаттарды рәсімдеу;

9) Қала әкімі тағайындайтын лауазымдар тізбесіне кіретін кадрлардың сапалық құрамына және қозғалысына талдау жүргізу;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің стажировкасы, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

11) Қала әкімінің және әкімдігінің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, бұкаралык ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

12) Мемлекеттік органдардың гендерлік, отбасылық-демографиялық саясатты әзірлеу және жүргізу жөніндегі жұмысын үйлестіру;

13) Қаланың және экономика салаларының әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау және болжау;

14) Жергілікті деңгейде мемлекеттік, салалық жане өзге де бағдарламалардың іске асырылу барысын талдау, талдау негізінде тиісті ұсыныстар дайындау;

15) Қаладағы қоғамдық-саяси жағдайды зерделеу, талдау және болжау;

16) Халықаралық тәжірибені зерделеу және оның қала экономикасының әртүрлі салаларын дамыту бойынша қолданылуы;

17) Өз құзыреті шегінде азаматтык қорғаудың аумақтық кіші жүйесіне басшылық ету;

18) Азаматтық қорғаныс мүлкінің көлемдерін айқындау жане оларды жинақтау, сақтау, жаңарту және әзірлікте ұстап тұру жөнінде қажетті шаралар қолдану,

19) Қала аумағында жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын камтамасыз ету;

20) Жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмысына жәрдем көрсету, қала аумағында әскери-экономикалык және командалық-штабтық оқулар өткізугеқатысу;

21) Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның келісіміменжұмылдыру жоспарларын әзірлеуді және бекітуді ұйымдастыру;

22) Қаланың терроризмге қарсы комиссияның қызметін ұйымдастыру;

23) Терроризм профилактикасы, сондай-ақ терроризмге карсы комиссиялар аркылы қала аумағында терроризм салдарларын барынша азайтужәне (немесе) жою жөніндегі кызметті ұйымдастыру;

24) Ұлттық қауіпсіздік органдарымен және ішкі істер органдарымен келісу бойынша қала аумағында орналасқан террористік тұрғыдан осал объектілердің тізбесін әзірлеуді және бекітуді ұйымдастыру;

25) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, құқық бұзушылық профилактикасы, кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі қалалық комиссиялардың қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

26) Жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларды, іс- шараларды, нысаналы кешенді бағдарлаларды әзірлеу, өңірлік әлеуметтік-экономикалык саясаттың негізгі бағыттарын айқындау, жергілікті мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі қызметіне жәрдем көрсету;

27) қаланың атқарушы органдарының жұмысын үйлестіру, зерделеу және талдау, әкімге олардың қызметін жақсарту жөнінде ұсыныс енгізу,

28) Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен Үкіметі каулыларының, Түркістан облысы және қала әкімдігінің қаулыларының, облыс және қала әкімінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын бақылау жұмысын ұйымдастыру;

29) Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, орталык мемлекеттік органдар басшылары,Түркістан облысы және қала әкімі,оның орынбасарлары, аппарат басшысы берген тапсырмаларды орындау бойынша ақпараттық, анықтамалық және талдамалық материалдар әзірлеу;

30) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қала әкіміне, қала әкімінің орынбасарларына, қала әкімінің аппарат басшысына қаланы дамыту мәселелері жөнінде талдамалық және ақпараттық материалдар әзірлеу;

31) қала әкімдігінің мәжілістерінде, кеңейтілген аппарат және қала әкімінің төрағалығымен басқа жиналыстарда қарау үшін жылдық мәселелер тізбесін әзірлеу, күн тәртібін жасау, қала әкімдігінің мәжілістеріне материалдар әзірлеу, қала әкімдігі мәжілістерінің материалдары мен хаттамаларын ресімдеу және тарату, қала әкімі мен әкімдігінің актілерін шығару, оларды тарату және сактау

32) қала әкімі, оның орынбасарлары өткізетін кеңестердің өткізілуін ұйымдастыру, кенестердің хаттамаларын әзірлеу;

33) іс қағаздарын, соның ішінде құпия іс кағаздарын, арнайы байланысты ұйымдастыру және жүргізу;

34) қала әкімі, оның орынбасарлары, қала әкімі аппарат басшысының қала әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілетті тұлғасының және басқалауазымды тұлғаларының азаматтарды қабылдауының тоқсандық кестесін әзірлеу және кабылдауды ұйымдастыру;

35) қала әкімінің, оның орынбасарларының, қала әкімінің аппарат басшысының атына келіп түскен азаматтар мен заңды тұлғалардың жазбаша, электрондық, бейне өтініштерін, қала басшылығының жеке кабылдауында түскен өтініштерді қарау, оларды бақылау және талдау;

36) жергілікті атқарушы органның мемлекеттік наградалар бойынша қызметін ұйымдастыру;

37) Түркістан облысының әкімі, қала әкімі және Түркістан облысы әкімдігінің, қала әкімдігінің актілерін, құжаттамаларды және қала әкімінің орынбасарларының, қала әкімдігінің Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесі, Қазақстан Республикасының баска да орталық атқарушы органдары, орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері, қала, қалалар және аудандардың атқарушы органдары, сот, құқық қорғау органдарымен хат алмасуларын тіркеу, сақтау және архивке өткізуді қамтамасыз ету;

38) қала әкімі және әкімдігінің құқық қорғау және арнайы органдарымен қауіпсіздік , құқық бұзушылықтың алдын алу, сыбайлас жемкорлыққа қарсы күрес, адам саудасына қарсы күрес жане қала аумағында қоғамдық тәртіпті ұйымдастырудың өзге де мәселелері бойынша өзара іс- әрекетін ұйымдастыру;

39) қызметтік ақпараттың, соның ішінде "кызметтік пайдалану үшін" және "құпия" және "аса құпия" белгілері бар таралуы шектеулі құжаттардың сақталуы мен қорғалуына мониторинг жүргізу,

40) құпиялық режимін сақтау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес құпиялық режимін сақтауды жүргізу және мониторингілеу;

41) қаланың жергілікті аткарушы органдарының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бірыңғай талаптарды сақтауын қамтамасыз ету және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

42) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау мониторингін жүргізу;

43) шетелдік делегациялардын қала басшылығымен ресми кабылдауларын, кездесулерін ұйымдастыруға жәрдемдесу;

44) халықты және ұйымдарды азаматтық қорғау саласындағы шаралартуралы хабардар ету;

45) төтенше жағдайларда халықтың тіршілігін қамтамасыз ету;

46) жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайларды және олардың салдарларының жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларын бекіту;

47) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жагдайлардың және олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға жергілікті атқарушы органдардың тетенше резервінен қаражат бөлу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

48) төтенше жағдайлардың алдын алу, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, материалдық және мәдени құндылықтарды қорғау, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезіндегі зардаптарды жою және нұқсанды азайту жөнінде шаралар әзірлеу және қабылдау;

49) қала әкімінің, әкімдігінің, қала әкімі аппаратының қызметін үздіксіз ұйымдастыру мақсатында мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;

50) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

51) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

**3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

17. Аппаратты басқаруды аппарат басшысы жүзеге асырады, ол Аппаратқа жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерінің жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

18. Аппарат басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. Аппарат басшысының өкілеттіктері:

1)Аппаратқа жүктелген мақсаттарды іске асыруды ұйымдастырады;

2)Өз құзыреті шегінде Аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды.

3)Аппараттың құрылымы мен штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

4)Аппараттың тәртіптік, конкурстық және бағалау комиссияларының қызметіне жалпы басшылық жасайды.

5)Қызметтік тәртіптік сақталуын жүзеге асырады;

6)Еңбек қатынастары жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, Аппараттың мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, оларды даярлау , қайта даярлау, біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақылар белгілеу мәселелері бойынша қала әкіміне ұсыныс енгізеді;

7)Еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, Аппараттың мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығы мәселелері жөнінде қала әкіміне ұсыныс енгізеді;

8)Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

9)Жергілікті атқарушы және өкілді органдары қабылдаған шешімдердің орындалу барысын бақылайды;

10)Аппарат атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды.

11)Заңнамамен белгіленген жағдайлар мен шектерде Аппараттың мүлкіне билік етеді;

12)Шарттар жасасады және сенімхаттар береді;

13)Банктік шоттар ашады;

14)Бұйрықтар шығарады және Аппарат қызметкерлерінің орындаулары үшін міндетті нұсқаулар береді;

15)Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеуге басшылық жасайды;

16)Аппараттың азаматтық қызметшілерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылдау, босату, оларға қатысты тәртіптік жаза белгілеу және көтермелеу жөнінде бұйрықтар шығарады;

17)Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Аппараттың басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Аппаратты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын Аппарат басшысы басқарады.

**4. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Заңнамада көзделген жағдайларда Аппараттың жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Аппараттың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Аппаратқа бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Аппарат өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Аппаратты қайта ұйымдастыру немесе тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:

1)"Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Кентау каласының цифрландыру орталығы" коммуналдык мемлекеттік мекемесі.

Кентау қаласы әкімдігінің
2024 жылғы "__" _______
№ қаулысына 2 қосымша

**Кентау қаласы әкімдігінің "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-"Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі) ауыл әкімінің қызметін қамтамасыз ететін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген морлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшысының шешімдері өкімдері негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Кентау қаласы, Ащысай ауылы, Жангелді көшесі №29 индекс 160402

10. Осы ереже "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілермен жоғары органдардың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

Ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу.

14. Өкілеттіктері:

Құқықтары:

"Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде:

мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрауға және алуға;

мүліктік және мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға;

мемлекеттік басқару органдарының, мұрағаттардың, ғылыми мекемелердің ақпараттық деректер базаларын пайдалануға;

шарттар, келісімдер жасауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы;

"Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегіндегі міндеттері:

қолданыстағы заңнамаға сәйкес халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, қала әкімінің және әкімдігінің, ауылдық әкімінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

"Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде:

жергілікті қоғамдастық жиынын, ауыл, көше, көп пәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын, жергілікті қоғамдастық жиналысын өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының, жергілікті қоғамдастық жиынының және жиналысының шақырылу уақытын, орнын және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтүзбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді;

жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында қабылданған ауылдың әкімдері мақұлдаған шешімдердің орындалуын қамтасыз етеді.

ауылдың, бюджетін жоспарлауды және атқаруды қамтамасыз етеді;

жергілікті қоғамдастықтың жиналысына ауылдың бюджетінің атқарылуы туралы есепті ұсынады;

ауылдың, бюджетін іске асыру туралы шешімін қабылдайды;

жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын әзірлейді және оны жергілікті қоғамдастық жиналысының бекітуіне ұсынады;

ауылдың коммуналдық мүлкіне жататын объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің нысаналы және тиімді пайдалануын бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

мүлкі ауылдың коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға алып қойылған мүлікті кейіннен баланстан шығара отырып, өзге тұлғаларға бергенге дейін күтіп ұстау және оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді,

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің мәселелері боиынша мемлекеттің мүдделерін білдіреді, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің меншік (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігі) құқығын қорғауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін сенімгерлікке басқару шарты бойынша міндеттемелрді сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді сенімгерлік басқарушының орындауын бақылауды жүзеге асырады;

ауылдың, коммуналдық меншігіндегі меншік (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың дам жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді.

"Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша;

өз құзыреті шегінде жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін басқару саласындағы құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

шешім қабылдайды және жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде объектіні жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасауды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

мүлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсаттарын, сондай-ақ осында қызметті жүзеге асыратын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның түрін ( шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) айқындайды;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғасына берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде өзі сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларының артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мүлкін алып қоюды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз не кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға береді;

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен келісу бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларын құру, қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту және тарату туралы шешім қабылдайды;

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға өзіне бекітіп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік заңды тұлғаларының жарғысын ( ережесін), оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

мүлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым және бюджеттен қаржыландыратын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемін айқындайды;

мүлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларынсжәне олардың орындалуы жөніндегі есептерді "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда қарайды, келіседі және бекітеді;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін пайдалану, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына бекітіп береді;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды;

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**3-тарау Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі мен өкілеттіктері**

16. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін басқаруды бірінші басшы (бұдан әрі - Ащысай ауылы әкімі) жүзеге асырады, ол ауыл әкімінің аппаратына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Ауыл әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Ащысай ауыл әкімінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындылатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары жоқ.

19. Ащысай ауылы әкімінің өкілеттіктері:

әкім аппаратының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ащысай ауылының әкімі мекеменің барлық сот актілеріне қатысады немесе сенім хат береді;

Жергілікті қоғамдастықтың жиынында немесе жергілікті қоғамдастықтың жиналысында қабылданған шешімдерді қарайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

бюджет қаражатын үнемдеудің және (немесе) Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдердің есебінен еңбек шарты бойынша жұмыскерлерді қабылдайды;

мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалатын тауарларды(жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жасайды және бекітеді;

ауылдың, тұрғын үй қорын түгендеуді жүргізеді;

қала әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша ауылдың , ауылдық авариялық тұрғын үйлерін бұзуды ұйымдастырады;

мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бағдарламалық құжаттары аясында ауыл халқына микрокредит беруге жәрдем көрсетеді;

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодекстің 729 бабының 3-тармағында белгіленген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды және әкімшілік жазалар қолданады;

Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Ащысай ауылы әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындылатын және лауазымнан бостылатын ауыл әкімі басқарады.

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. " Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасына тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Кентау қаласы әкімдігінің "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау.Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Ащысай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Кентау қаласы әкімдігінің
2024 жылғы "__" _____
№___ қаулысына 3-қосымша

**Кентау қаласы әкімдігінің "Байылдыр ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Байылдыр ауылы әкімінің аппараты" (бұдан әрі – " Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесі) ауыл әкімінің қызметін қамтамасыз ететін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшысының шешімдері мен өкімдері негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Кентау қаласы, Байылдыр ауылы, Володарский көшесі №2, индекс 160406.

10. Осы ереже "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен жоғары органдардың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Байылдыр ауылы әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрауға және алуға;

ауыл әкімі аппаратының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен қызметтік хат алмасу жүргізу;

жергілікті атқарушы органдарынан қажетті құжаттар, ақпараттар сұратуға, ауыл әкімі, құзыретіне жатқызылатын мәселелерді шешу;

Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, облыс, қала әкімдігінің қаулылары мен әкімнің шешім, өкімдерінің орындалмау себептерін анықтау және анықталған заң бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдауға;

қала әкімдігінің және мәслихаттың мәжілістеріне, қалалық, аумақтық және өзге де атқарушы органдардың алқаларына қатысуға;

бұқаралық ақпарат құралдарында ауыл әкімінің қызметтерін көрсетуді қамтамасыз етуге.

ауыл әкімінің қызметін құқықтық қамтамасыз ету;

ауылда құқық реформасының, заңдылық пен құқық тәртібінің кешенді және динамикалық жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, ауыл әкімінің нормашығармашылық қызметін жетілдіру;

ауыл әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларына құқықтық сараптауды жүзеге асыру;

ауыл әкімінің жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және олармен өзара әрекеттесу;

ауыл әкімінің актілерін, құжаттарын редакциялау, тиісті ресімдеу және орындаушыға жіберу, оларды бұқаралық ақпараттар құралдарында жариялау;

осы ережемен көзделген өкілеттікті жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан қажетті ақпарат, құжаттар және басқа да материалдар сұрау және алу;

барлық қажетті ақпаратты сұрау және алу құқығына ауыл әкімі ие болады;

мүліктік және мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға;

мемлекеттік басқару органдарының, мұрағаттардың, ғылыми мекемелердің ақпараттық деректер базаларын пайдалануға;

шарттар, келісімдер жасасуға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2) Міндеттер:

"Байылдыр ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету , сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, қала әкімінің және әкімдігінің, ауыл әкімнің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақтылы орындау;

қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) "Байылдыр ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде:

жергілікті қоғамдастық жиынын, ауыл, көше, көп пәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын, жергілікті қоғамдастық жиналысын өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының, жергілікті қоғамдастық жиынының және жиналысының шақырылу уақытын, орнын және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді;

жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында қабылданған ауылдың әкімдері мақұлдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді .

ауылдың, бюджетін жоспарлауды және атқаруды қамтамасыз етеді;

жергілікті қоғамдастықтың жиналысына ауылдың бюджетінің атқарылуы туралы есепті ұсынады;

ауылдың, бюджетін іске асыру туралы шешеімін қабылдайды;

жергілікті қоғамдасытықты дамыту бағдарламасын әзірлейді және оны жергілікті қоғамдастық жиналысының бекітуіне ұсынады;

ауылдың коммуналдық мүлкіне жататын объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің нысаналы және тиімді пайдалануын бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

мүлкі ауылдың коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға алып қойылған мүлікті кейіннен баланстан шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін күтіп ұстау және оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

1.2 қала әкімдігіне салалық (секторалдық) және аймақтық бағдарламаларды одан әрі іске асырудың орындылығы туралы ұсыныстар енгізу;

1.3 өз құзыреті шегінде ақпараттық-талдау материалдарын дайындау және оларды облыстық мемлекеттік органдарға және қала әкімдігіне ұсыну;

1.4 өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардан және басқа ұйымдардан қажетті ақпараттар мен құжаттарды сұрату және алу;

1.5 сараптамалар мен кеңестер жүргізу үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардың мамандарын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды тарту;

1.6 заңды және жеке тұлғалармен келісім-шарттар түзу, коммуналдық меншік нысандарын сатқанда немесе кепілге қойғанда, жалға, сенімді басқаруға бергенде заңды және жеке тұлғалармен келісімдер жасап, екі жақты міндеттемелердің шарттары мен мәнін анықтау.

2) Міндеттері:

2.1 қаланың үш жылға арналған бюджет жобасын әзірлеу;

2.2 қаланың тиісті қаржы жылына арналған бюджетін бекіту туралы қалалық мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу;

2.3 қаланың тиісті қаржы жылына арналған қала бюджетін бекіту туралы мәслихат шешімін іске асыру жөніндегі қала әкімдігі қаулысының жобасын әзірлеу;

2.4 қаржыландырудың жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту;

2.5 республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты жасау және оны тиісті органдарға ұсыну;

2.6 қаланың мемлекеттік бюджет саясатын іске асыруға қатысу;

2.7 жергілікті бюджеттің орындалуын қамтамасыз ету және орындалуы туралы есепті әзірлеу;

2.8 коммуналдық меншікті басқару, жалға беру, сату, жекешелендіру, жекешелендіруден кейінгі қызмет және дауларды реттеу, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

15.Функциялары:

1) қаланы бес жылғы дамыту бағдарламасын жүзеге асырудың мониторингін жүргізу;

2) жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдерді болжау;

3) бюджеттік бағдарламаларды, бюджеттік инвестицияларды іске асырудың тиімділігін (нәтижелілігін) бағалауға талдау жүргізу;

4) жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың штаттық кестелерін мониторингті жүзеге асыру;

5) бюджеттің атқарылу принциптерін сақтау, бюджет қаражатын нысаналы пайдалану және бюджетті бірқалыпты атқару;

6) қалалық бюджеттің түсімдерімен шығындарының жиынтық жоспарын әзірлеу және бекіту;

7) бюджеттік бағдарлама (ішкі бағдарлама) әкімшілерінің қаржыландыру жоспарларын және мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке жоспарларын тексеру;

8) бюджет қаржысын басқаруды, алдағы кезеңде бюджетке түсетін түсімдердің күтілетін көлемін анықтауды жүзеге асыру;

9) бюджет қаржысының игерілуіне, жылдық соманың айға бөлінуіне, қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігіне, қаржыландыру жоспарының орындалмау себебін анықтауына, жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есебінің жасалуына талдау және бағалау арқылы мониторинг жүргізу;

10) Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес, жергілікті бюджеттің атқарылуына айлық, тоқсандық, жылдық және басқа да есептерді талдау жасап ұсыну;

11) жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша жеделдік есептерді жасау мен жинақтау;

12) инвестициялық жобалардың және даму бюджетінің игерілуіне мониторинг жүргізу;

13) қалалық жергілікті атқарушы органдары резервінің пайдалануы жөнінде мәліметті жинақтау;

14) облыс, қала әкімінің және жоғары тұрған органдарының орталықтандырылған тапсырмаларының орындалуын осы Ережеде және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, берілген уәкілеттік негізінде қамтамасыз ету;

15) жергілікті бюджеттің орындалуы бойынша әдістемелік басшылық жасау;

16) салық төлеушінің тіркеуге алынған жеріндегі салық органының толық көлемде жергілікті бюджетке түсетін салық міндеттемелерін орындау мерзімін өзгерту туралы шешіміне келісім беру және салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу;

17) бюджеттік бағдарламалар әкімдіктерінің бюджеттік инвестициялық жобаларын оларды қаржылай қамтамасыз етуді, дәлелді құжаттырының түгелдігін қарап, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес қала бюджетінің жобасын әзірлеп, оны қала бюджет комиссиясының қарауына енгізу;

18) жергілікті бюджет есебінен, сондай-ақ мақсатты трансферттер есебінен қаржыландыруға жоспарланған бюджеттік инвестициялық есебінен

қаржыландырылатын жергілікті бюджет инвестицияларын жүзеге асыруды бағалау жөніндегі ақпаратты орталық өкілетті органға тапсыру;

19) инвестицияларды жүзеге асыру туралы және олардың ҚЭН (қаржылық экономикалық негіздеме) стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкестігіне бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын қарап, олар бойынша экономикалық қорытынды дайындау;

20) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, жоспарлы кезеңге қала бюджетін әзірлеу;

21) жергілікті бюджеттің түсіміне болжам жасау;

22) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығындары, бюджеттік тапсырыс жобаларын қарау қорытындылары бойынша, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалар жобаларына қорытынды жасап, қалалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу;

23) қала бюджетінің жобасын қалалық мәслихатының қарауына және бекітуіне енгізу;

24) қалалық бюджет туралы мәслихат шешімін жүзеге асыру жөнінде қаулының жобасын әзірлеу;

25) қала бюджетін нақтылау бойынша ұсыныстар дайындап, қалалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу;

26) Республикалық бюджеттен бөлінетін мақсатты трансферттер есебінен жүзеге асыратын жобалардың және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мониторинг жасау және бағалау;

27) Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау , білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну бойынша мемлекеттік қызмет көрсету;

28) өз құзыреті шегінде қалалық коммуналдық мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобасын әзірлеу;

29) қалалық коммуналдық мүліктің есепке алынуын ұйымдастыру, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

30) қала әкімдігіне қарасты елу пайыз акциясымен (үлесімен) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметіне мониторинг жүргізу;

31) қалалық коммуналдық мүлікті коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп беру;

32) қалалық коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

33) қалалық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне өтеусіз негізде

беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлікпен басқаруға беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

34) жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алуды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалануды немесе жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

35) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасына берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқаруды бірінші басшы (бұдан әрі – бөлім басшысы) жүзеге асырады, ол Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады.

17. "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысының өкілеттіктері:

1) мекеме атынан сенімхатсыз әрекет жасайды және барлық ұйымдарда мекеменің мүдделерін білдіреді;

2) заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мекеменің мүлігіне билік жасайды;

3) шарттар жасасады, сенімхаттар береді, мекеменің регламентін, жұмыс тәртібі мен жұмыс жоспарларын бекітеді;

4) банктерде есеп-шоттар ашады, мекеменің барлық қызметкерлері мен жұмысшыларына міндетті орындалуға жататын тапсырмалар және нұсқаулар береді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мекеменің қызметкерлері мен жұмысшыларын марапаттайды, тәртіптік жазаға тарту шараларын қолданады, өз орынбасарын, мекеменің қызметкерлерінің, жұмысшыларының міндеттері мен өкілеттік шеңберін белгілейді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, қала әкімдігінің қаулысымен және осы Ережемен белгілеген басқа да қызметтерді атқарады;

20. "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бөлім басшысы басқарады.

### 4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

23. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Өзіне бекітіліп берілген, өзінің балансында тұрған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

25. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

### 5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Кентау қаласы әкімдігінің
"____"______2024 жылғы
№____қаулысына 7-қосымша

### "Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. "Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - "Кентау қалалық жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары бар.

1) Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің " Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық–құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық–құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 160400, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Кентау қаласы, Яссауи даңғылы №85.

10. Осы ереже "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Кентау қалалық жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

**2. Мемлекетік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

Жиналыстарды өткізу тәртібін ұйымдастырады, қала әкімдігінің отырыстарына қатысады;

"Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекеме қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарына жария етілуін қамтамасыз етеді;

2) Міндеттері:

"Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің негізгі міндетіне жұмыспен қамту, әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау мен төлеу, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жатады.

"Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15. Функциялары:

1) қала аумағында тұратын нысаналы топтарды және оларды қорғау жөніндегі әлеуметтік шараларды жыл сайын анықтап отырады;

2) мүгедектерге әлеуметтік және қайырымдылық көмек көрсетуді ұйымдастырады;

3) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдеседі;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетуді үйлестіреді;

5) мекемелерден босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған, өмірлік қиын жағдайда деп танылған адамдарға Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік

қызметтер туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді;

6) құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

7) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін басқа да іс-шараларды жүзеге асырылуын ұйымдастыру;

8) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруын;

9) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, өз қарамағындағы субъектілерді құруды және олардың қызметін қамтамасыз етеді;

10) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметкерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

11) халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізуді қамтамасыз етеді;

12) арнаулы әлеуметтік қызметтерді және арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастырады;

13) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін дамыту жөнінде шараларды қабылдайды;

14) жеке және заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

15) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгілік қағидалар негізінде әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын әзірлейді;

16) өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

17) бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй көмегін көрсетеді;

18) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың профилактикасына, сондай-ақ аудан аумағында олардың зардаптарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға қатысады;

19) әлеуметтік шиеленіске және еңбек жанжалдарының туындау тәуекелдеріне мониторингті жүзеге асырады;

20) мемлекеттің кәмелетке толғандарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асырады.

21) Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің " Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты жүзеге асырады.

22) Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексінде" және "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2)тармақшасында, 11-бабының 2)тармақшасында, 12-бабының 2)тармақшасында және 13-бабының 2) тармақшасында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек көрсетеді;

23) "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көмек көрсету жөніндегі ұйымдарды құрады;

24) еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу функцияларын жүзеге асырады.

25) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі**

16. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқаруды бірінші басшы (бұдан әрі – бөлім басшысы )жүзеге асырады, ол "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

7) мемлекеттік мекемеде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы " Қазақстан Республикасы Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

20. Бөлім басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

**4. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің және оның ведомстваларының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің " Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Кентау қаласы әкімдігінің
"___" _______2024 жылғы
№___ қаулысына 8-қосымша

**"Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер**

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі ) саяси-идеологиялық саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бағынысты мекемелер бар:

1)Кентау қалалық ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2)Кентау қалалық ішкі саясат бөлімінің "Кентау қалалық Руханият орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері. Түркістан облысы, Кентау қаласы, А.Яссауи даңғылы №85, индекс 160405.

10. Осы ереже "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және

жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен ( шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субьектілермен "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

Қала аумағында ішкі саясат саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда Кентау қаласында орналасқан діни және қоғамдық бірлестіктермен, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс орнатып, іс-шаралар ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жасау, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, ақпарат-насихат топтары жұмыстарын және нашақорлықтың алдын алу жұмыстарын үйлестіру болып табылады.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;
- өзінің құзыреті шегінде шешімдер қабылдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде басқа да құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру;

2) Міндеттері:

- қала әкімі қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асыру жөнінен ұйымдастыру;
- идеологиялық шараларды қамтамасыз ету.

15. Функциялары:

- Кентау қаласында орналасқан діни және қоғамдық бірлестіктермен, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдармен, этномәдени бірлестіктермен байланыс орнату, бірлесе іс-шаралар жүргізу;
- бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жасау;
- Кентау қаласында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру;
- Қала әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия жұмысын үйлестіру;
- ақпараттық-насихат топтарының жұмыстарын үйлестіру;
- нашақорлық және есірткіге қарсы күрес жұмыстарын жүргізу;

- қала аумағында ҚР Мемлекеттік Рәміздерінің қолдану және насихаттау жұмыстарын үйлестіру;

- бөлімге қатысты барлық мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 418-баптары бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру мен іс-қағаздарын жүргізу;

- жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3) ведомствоның функциялары:

- Кентау қаласында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру;

- Кентау қаласында дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқаруды бірінші басшы (бұдан әрі – бөлім басшысы )жүзеге асырады, ол "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады

18. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары жоқ.

19. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

7) мемлекеттік мекемеде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

"Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Бөлім басшысы өз қызметкерлерінің өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын бөлім басшысы басқарады.

**4. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынган мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Казакстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебіне калыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзіне бекітіліп берілген, өзінің балансында тұрған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

23. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлік республикалық коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазакстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің және оныңведомстволарының карамағындағы ұйымның тізбесі:

1. "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2. "Кентау қалалық Руханият орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Кентау қаласы әкімдігінің
2024 жылғы " " ______
№ қаулысына 9-қосымша

**Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер**

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-"Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі) кәсіпкерлік (оның ішінде туризм саласы бойынша) және ауыл шаруашылығы салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Кентау қаласы, Абай көшесі, №10 "Г" үй, индекс 160400.

10. Осы ереже "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

**2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және туризм саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;
- өзінің құзыреті шегінде шешімдер қабылдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде басқа да құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

2) Міндеттері:

қаланың өнеркәсіптік секторының бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы субьектілерінің бәсекелестікке қабілеттігін арттыру және қызметін белсендіру, шағын және орта бизнесті, кәсіпкерлікті, туризмді және туристік индустрияны қолдау және дамыту саласында, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1)қала аумағында өнеркәсіп кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу және оларды іске асыруды қамтамасыз ету;

2)өнеркәсіптік кешен субьектілеріне мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары мен тетіктерін түсіндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

3)индустриалдық-инновациялық даму стратегиясының орындалу барысын үйлестіру;

4)жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатының іске асырылуын жүзеге асырады;

5)жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасайды;

6)өңірлерде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және соған жауапты болады;

7)өңірде шағын және орта кәсіпкерлік пен инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымы объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз етеді;

8)жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындайды;

9)сараптама кеңестерінің қызметін ұйымдастыру;

10)жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

11)шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

12)көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;

13)әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына өз құзыреті шегінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14)Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 204-баптары бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру мен іс-қағаздарын жүргізу;

15)бәсекелестікке қабілеттікті және мемлекет тарапынан қолдау көрсету шараларының тиімділігін арттыру негізінде агроөнеркәсіп кешенінің дамуына қолайлы жағдайлар жасау;

16)әкімшілік тосқауылдарды жеңу;

17)ауыл шаруашылығы субьектілерінің бәсекелестікке қабілеттігін арттыру және қызметін белсендіру;

18)тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асыру;

19)жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20)ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

**3. Мемлекеттік органның, бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқаруды бірінші басшы (бұдан әрі – бөлім басшысы) жүзеге асырады, ол " Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары жоқ.

19. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

7) мемлекеттік мекемеде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

"Кентау қалалық кәсіпкерлік және туризм бөлімі" мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бөлім басшымы өз қызметкерлерінің өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын бөлім басшысы басқарады.

**4. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзіне бекітіліп берілген, өзінің балансында тұрған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

23. "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

- коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру кезінде кезектілік пен заңдылықтың сақталуын бақылау;

- қорытынды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беру:

коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шарттары;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйді жекешелендіру шарттары;

- мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге жалдау (жалға алу) шарттарының, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйді жекешелендірудің, бөлімнің ведомстволық архивіндегі басқа да шарттардың телнұсқаларын беру, сондай-ақ құқық белгілейтін құжаттарға түзетулер, талдамалар енгізу;

- кондоминиум объектісін басқару органдарының тұрғын үй қорын сақтау және тиісінше пайдалану жөніндегі қызметін бақылау бойынша тұрғын үй инспекциясының жұмысын ұйымдастырады;

- пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің кондоминиум объектісін басқару нысанын сайлау рәсімін сақтауы, ағымдағы және жинақ шоттарын ашуы;

- пәтер иелерінің ортақ мүлкін, объектідегі тұрғын емес үй-жайды және көппәтерлі тұрғын үйге іргелес аумақтарды пайдалану, күтіп-ұстау, пайдалану және жөндеу тәртібінің сақталуына;

- көп пәтерлі тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда) үйге ортақ жылуды, энергияны , газды және су ресурстарын есептейтін аспаптардың болуы;

- кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің және оның инженерлік жабдықтарының техникалық жай-күйіне, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық және жобалау құжаттарына сәйкес оны күтіп-ұстау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды уақтылы орындауына бақылау жасайды;

- көп пәтерлі тұрғын үйді маусымдық пайдалануға дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

- орындауға қабылданған шешімдерді және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқамаларды;

- жергілікті бюджет қаражаты есебінен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жобалау ұйымын айқындауға және жобалау-сметалық құжаттаманы дайындауға конкурс өткізу;

- кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлері бойынша орындалған жұмыстың сапасымен;

- елді мекен шекаралары шегінде тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларды газбен жабдықтау жүйелерінің тұрмыстық баллондары мен объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

**3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. "Кентау қалалық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқаруды бірінші басшы (бұдан әрі – бөлім басшысы) жүзеге асырады, ол "Кентау қалалық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. "Кентау қалалық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. "Кентау қалалық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. "Кентау қалалық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттіктері:

- мемлекеттік мекеме атынан іс- қимылын жүргізеді;
- барлық органдарда, жеке және заңды тұлғалар қатынасында оның мүддесін көздеп , ұсынады;
- барлық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер алдында келісімшарт міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- құрылтайшы шешімін жүзеге асырады;
- мемлекеттік мекеме атынан іс-жүргізу құқығына сенімхат беру, сонымен қатар қайта сену құқығына сенімхат беру;
- еңбек ақы төлеу жүйесін, қызметтік жалақыларды және деректік қосымша төлемдер мөлшерін белгілейді, сыйақы мәселелерін шешеді, марапаттау мен тәртіптік жауапкершілікке тарту шараларын қабылдайды;
- әртүрлі мәмілелерді және басқа да заңдылық актілерді жасау, келісімшарттарға, соның ішінде еңбектік, жұмысқа жалдану контрактілері бойынша мәмілеге тұру;
- мемлекеттік мекеменің мүлкіне оның қаржысына билік етеді, мемлекеттік мекеме қызметіне тікелей басшылығын жүргізеді және оның нәтижесінде дербес жауапкершілігін алып жүреді;
- құрылтайшының ерекше құзырына жатқызылмаған басқа да мәселелерді шешеді;
- мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз іс- қимыл жүргізеді, азаматтар мен заңды тұлғалар қатысында оның мүддесін ұсынады, оған берілген құқық шегінде мемлекеттік мекеменің мүлігіне билігін жүргізеді, есеп- шоттары мен басқа шоттарды ашады, келісімшарттарға соның ішінде еңбек шарттарына тұрады, сенімхаттар береді, бұйрықтар шығарады.

"Кентау қалалық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. "Кентау қалалық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бөлім басшысы басқарады.

21. "Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің алқалы органдары жоқ.

## 4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. "Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

"Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзінің балансында тұрған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

23. "Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелері жоқ.

Кентау қаласы әкімдігінің
2024 жылғы __ қазандағы
№__ қаулысына қосымша - 13

## Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі) Кентау қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келесідей ведомстволары бар:

1) "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Кентау спорт клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

4) "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт

бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері. Түркістан облысы, Кентау қаласы, А.Яссауи даңғылы №85, индекс 160400.

10. Осы ереже "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін каржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады .

12. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

**2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

1) Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы сапалы және қолжетімді қызметтер ұсынуға бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Мемлекеттік тіл мен басқа да тілдердің динамикасын дамуына бағытталған мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру;

3) Мемлекеттік тіл мен басқа да этникалық топтардың тілдерін дамыту, ономастикалық жұмысты жетілдіру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне міндеттелген функцияларды атқару үшін мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан тиісті мәліметтерді сұратады және алады;

- белгілі құзыреті шегінде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға тапсырмалар береді;

- өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

- Өз құзырына жататын мәселелер бойынша қала әкімінің шешімінің, өкімінің, қала әкімдігінің қаулысының, сонымен қатар мәслихаттың шешімдерінің жобаларын дайындайды;

2) міндеттері:

- осы ережемен және заңдылықтармен, облыстық және қалалық жергілікті атқарушы органдармен бекітілген өзге де уәкілеттіктерді жүзеге асырады;

- мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласына қатысты Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, облыс, қала Әкімінің нормативтік-құқықтық актілерінің орындалуы туралы мекеме, ұйым, кәсіпорындардан мәліметтер мен тиісті құжаттар алуға;

- өз құзырына жататын мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындайды;

- осы Ережемен және заңнамалармен, облыстық және қалалық жергілікті атқарушы органдармен бекітілген өзге де уәкілеттіктерді жүзеге асырады;

- мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы дене шынықтыру және спорт саласын дамытудағы негізгі бағыттарды анықтайды, дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі перспективалық ағымдағы, мақсаттық бағдарламаларды өңдейді және жүзеге асырады;

- қала әкімдігінің қаулыларын дайындауға, өз саласының аймақтық бағдарламаларын және әлеуметтік - экономикалық дамыту жоспарларын калыптастыруға қатысады;

- дене шынықтыру және спорт ұйымдарына кеңестік, заңды көмек көрсетеді;

- кадр саясаты мәселелері бойынша қарамағындағы ұйымдар мен мекемелерге кеңестік көмек көрсетеді;

- дене шынықтыру мен спорт жұмыстары бойынша тәжірибе алмасу мақсатында симпозиумдар, конференциялар, семинарлар және басқа да оқу нысандарын ұйымдастырады;

- түрлі ведомстволар және қоғамдық ұйымдар ұйымдастыратын дене шынықтыру және спорттық шараларын үйлестіреді, бірыңғай іс-шаралар және жарыстар тізбесін бекітеді, оның өткізуіне басшылық етеді;

- дене шынықтыру және спорт ұйымдарымен методикалық басшылықты жүзеге асырады;

- мүдделі ұйымдар мен ведомстволардың келісімі бойынша шығын мөлшерін бекітеді, дене шынықтыру және спорт шараларына қатысушыларды материалдық қамтамасыз етеді;

- қаланың құрама командаларын сапалы түрде дайындауды жүзеге асырады, қала спортшыларын облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

- мүдделі ведомстволар және қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, спорт резервін дайындау жөнінде жұмыс жүргізеді, ведомстволық тәуелділікке және салалық орталықтарына қарамай, спорт клубтары мен мектептер жүйелерін дамытуды үйлестіреді;

- дене шынықтыру және спорт ұйымдары қызметкерлеріне, қала шаралары жүлдегері мен жеңімпазына бағалы сыйлықтар беру, оларды грамоталармен, дипломдармен, медальдармен марапаттау мәселелерін белгіленген тәртіпте шешеді;

- заңда белгіленген мерзімді есеп-қисаптық есеп жасап, оны белгіленген мекен жайларға тапсырады;

- келісім мен тәртіп бойынша статистика органдарынан және тиісті басқармалар мен ведомстволардан бөлімге жүктелген қызметтерді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер алады;

- жүктелген міндеттерін толық орындау үшін бөлім аппаратын өндірістік шаруашылық және әлеуметтік тұрмыстық тұрғыдан қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды тұлғалардың барлық құқықтарын пайдаланады.

- мәдениет, тіл саясаты саласындағы ұйым, мекеме жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді, дене шынықтыру мен спорттық материалдық-техникалық базасын құру және нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту;

- мәдениет, тіл саясаты, дене шынықтыру және спорт саласы бойынша ауданның даму жоспарын жасап, тәжірибе жұмыстарын жүргізеді, жүргізілген жұмыстарының нәтижесі бойынша талдау жасайды.

- мәдениет, тіл саясаты, дене шынықтыру және спорт саласын реттейтін заңдардың орындалуын және осы бағыттағы мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуын бақылайды.

- мәдени мекемелердің жұмысын үйлестіріп, бақылайды, аудан халқының бос уақытын тиімді өткізуге арналған мәдени-көпшілік, спорттық іс-шаралар жұмыстарын ұйымдастырып, басшылық жасайды.

- тіл туралы заңының орындалуын, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруды қадағалайды және ұлттар арасындағы тұрақтылық пен келісімді барынша нығайтуды жүзеге асырады.

- мәдени мекемелердің жұмыстарына бағыт бағдар береді, ұйымдастырады, басшылық жасайды және қоғамдық бірлестіктер жұмыстарына қолдау көрсетеді;

- тұрғындардың демалысын тиімді пайдалануға бағытталған мәдени-көпшілік жұмыстарын ұйымдастырады;

- Кентау қаласы аумағында мәдениет және тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен жүктелген басқа да міндеттерді орындайды;

- Халықаралық, аймақаралық спорт ұйымдарында, ауданның мүдделерін білдіру;

- дене шынықтыру және спорт салаларының мүдделерін республика, облыс және аудан алдында көрсету;

- саланың ақпараттық-жарнамалық және баспа жұмыстарын ұйымдастыру, дене шынықтыру және спорт қозғалысын насихаттау;

- дене шынықтыру және спорт салаларындағы кадрлар потенциалын талдау, оның мамандарға мұқтаждығын алдын-ала болжау, кадрларды дайындау, мамандығын жетілдіру және орынды пайдалану;

- мүдделі ведомстволармен бірлесіп дене шынықтыру мен спорт саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу;

- мемлекеттік дене шынықтыру мен спортты дамыту саясатын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі аудан ведомстволар мен қоғамдық ұйымдардың және кәсіпорындардың қызметін үйлестіру, сонымен қатар саланың өзекті проблемаларын практикалық шешу жөніндегі поселке және ауыл әкімшіліктерімен өзара іс-қимыл жасау.

15. Функциялары:

- заңда белгіленген тәртіппен бекітілген қала аумағының мәдениет, тіл саясаты, дене шынықтыру және спорт саласын ауылдық, поселкелік елді мекендердің іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру;

- мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында енгізілген өзгерістер туралы халыққа хабарлап отыру;

- мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бойынша шешімдер қабылдау;

- мемлекеттік мекемелердің жұмыстарына мемлекеттік тілді және дене шынықтыруды дамыту бойынша бағыт бағдар береді;

- қала аумағындағы мәдениет, ескерткіштерін және тілдердің тарихын зерттейді ;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

- Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 729-бабы 1-тармағында белгіленген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру мен іс-қағаздарын жүргізу;

- жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ведомстволардың функциялары:

- ақпараттық, мәдени, білім беру, дене шынықтыру және спорт функцияларын жүзеге асырады.

**3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқаруды бірінші басшы (бұдан әрі – бөлім басшысы) жүзеге асырады, ол "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Бөлім басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары жоқ.

19. Бөлім басшысының өкілеттігі:

1) бөлім басшысы бөлім қызметіне жалпы басшылық жүргізеді және бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

2) бөлім басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік мекеменің Ережесінде айқындалатын өз құзіретінде сәйкес дербес шешеді.

3) бөлімнің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Бөлімнің мүддесін білдіреді;

5) шарттар жасасады:

6) сенімхаттар береді;

7) бөлімнің іс сапарларға, тағлымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарлатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

8) банк шоттарын ашады:

9) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

10) бөлімнің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

11) бөлімнің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;

12) бөлімнің қызметкерлерінің міндеттер мен өкілеттік аясын айқындайды;

13) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Ережемен және жергілікті атқару органымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады

Бөлімнің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы өз мамандарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бөлім басшысы басқарады.

**4. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзіне бекітіліп берілген, өзінің балансында тұрған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

23. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

26. "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволарының тізбесі:

1) "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Кентау спорт клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

3) "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Кентау қаласы әкімдігінің
2024 жылғы " " тамыздағы
№ қаулысына 14-қосымша

**Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі) құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік органға қарасты ведомостволары жоқ.

3. Мемлекеттік орган өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады .

4. Мемлекеттік орган ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Мемлекеттік орган азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Мемлекеттік орган өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Мемлекеттік орган басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Мемлекеттік орган құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері - Түркістан облысы, Кентау қаласы, Бәйтереков көшесі, №7.

10. Осы Ереже Мемлекеттік органның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мемлекеттік орган қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік орган кәсіпкерлік субъектілерімен Мемлекеттік орган мемлекеттік мекеменің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Мемлекеттік орган заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13.Мақсаттары:

- Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты Қазақстан Республикасының құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында біріңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

-Қазақстан Республикасы Президентінің Стратегиялық даму жоспарына сәйкес, Қалалардың даму стратегияларында транспаренттілік, қала құрылысы және сәулет қызметі бойынша жоспарланған шараларды бизнес-қоғамдастық пен халықтың қолдауы, қала құрылысын жоспарлаудың қаланың даму стратегиясына сай жүзеге асыру болып табылады.

14.Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

-Мемлекеттік орган өзінің қызметін орындау үшін қажетті ақпараттарды мемлекеттік органдардан және лауазым иелерінен, басқа ұйымдармен азаматтардан белгіленген тәртіппен сұратып алады, Мемлекеттік органның құзырына қатысты мәселелерді әзірлеуге қатысуға, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмысшы топтарын құрады;

-Мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіркеуден өткізген сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады;

-Мемлекеттік орган осы ұйымның түріне сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарымен көрсетілген барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады;

-Мемлекеттік орган өзінің міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі ақшалармен жауап береді. Мемлекеттік мекеменің ақшалары жетпеген жағдайда, оның міндеттемелері бойынша жауапкершілік құрылтайшыға міндеттеледі. Келісімшарт міндеттемелері бойынша жауапкершілік заңға сәйкес мемлекеттік мекеменің күтілуіне бекітілген смета шегінде жүктеледі;

- Мемлекеттік орган бюджет есебінен қаржыландырылады.

2) Міндеттері:

-қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес Кентау қаласы бойынша құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында тиісті жұмыстарды атқару;

-мемлекеттік мекеменің карауына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен қызметтік хат алмасу жүргізу;

-қалалық әкімдіктің және маслихаттың мәжілістеріне, аудандық, аумақтық және өзге де атқарушы органдардың алқаларына қатысу;

-тиісті органдарға қаланың құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласының даму бағыттары бойынша ұсыныстар енгізу;

-өз құзыреті шегінде ақпараттық-талдау материалдарын дайындауға және оларды облыстық мемлекеттік органдарға және аудан әкімдігіне ұсыну;

-өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардан және басқа ұйымдардан қажетті ақпараттармен құжаттарды сұратуға және алуға, мемлекеттік мекеменің құзырына қатысты мәселелерді әзірлеуге, қатысуға тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмысшы топтарын құрады;

-мемлекеттік мекеменің құзырына кіретін мәселелер бойынша отырыстар өткізеді;

-өзіне жүктелген құқықтар мен міндеттерді уақтылы және сапалы жүзеге асыру үшін мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларына сәйкес жауапты болады;

-жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру, зерттеу және талдау, олардың қызметін жақсарту жөнінде қала әкіміне ұсыныс енгізу.

15. Функциялары:

-қаланың елді мекендеріндегі құрылыс салу қалалық жобада және жоспарында көрсетілгендей атқарылуына бақылау жасау;

-құрылыстарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көлік коммуникациялары, автокөлік жолдары, сумен жабдықтау және су бұру, кәріз және газ жүйелерін салу ( кеңейту, техникамен қайта жарықтандыру жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, құрылысты (обьектіні) консервациялау, жергілікті маңызы бар обьектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдауына қатысу;

-сәулет, қала құрылысы, құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды тиісінше орындау бөлігінде қадағалауды жүзеге асыру;

-құрылыс жобаларын іске асыруда бекітілген қала құрылысының құжаттарына сәйкес болуына, қала құрылысы тәртіптерінің сақталуына, қалалық салу ережелеріне сай ықпал ету.

-қаланың заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарын, заңнамада белгіленген тәртіппен қалаға ықпал ететін аймаққа жатқызылған іргелес жатқан аумақтарда қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын) іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

-қаланың бас жоспарының жобасын, қала шегі мен қала маңы аймағының шекараларын, сондай-ақ ведомствалық бағынысты әкімшілік аудандардың және мемлекеттік орган бюджет есебінен қаржыландырылады.

-қарасты елді мекендердің шекараларын белгілеу және өзгерту жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру және қала мәслихатының мақұлдауына ұсыну;

-қаланы әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламалары құрамындағы қала құрылысы құжаттамасын, сондай-ақ қала аумағында құрылыс салудың, оны абаттандыру мен инженерлік жағынан қамтамасыз етудің ережелерін тиісті қалалық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

-құрылыс салу не өзге де қала құрылысы өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

-салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізу.

-қала және қала маңы аймағының қала құрылысы жобаларын, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларын бекіту және іске асыру;

-ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс салуға немесе өзге де қала құрылысын игеруге арналған жер учаскелерін таңдау;

-пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

-тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік-табиғи-қорық қоры объектілерін сақтауды және олардың нормативтік мазмұнына (пайдаланылуына, пайдаланылуына) бақылау жүргізуді ұйымдастыру;

-қала құрылысы, сәулет-құрылыс және өзге де жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы белгіленген тәртіппен әзірлеу, келісу, сараптамадан өткізу және бекіту.

-ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

-жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**3-тарау. Мемлекеттік органның, бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16.Мемлекеттік орган басқаруды бірінші басшы (бұдан әрі – бөлім басшысы) жүзеге асырады, ол "Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі"

мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17.Мемлекеттік органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18.Мемлекеттік органның басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары жоқ.

19.Мемлекеттік орган басшысының өкілеттіктері:

- мемлекеттік мекеменің атынан іс- қимылын жүргізеді;
- барлық органдарда, жеке және заңды тұлғалар қатынасында оның мүддесін көздеп , ұсынады;
- барлық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер алдында келісімшарт міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- құрылтайшы шешімін жүзеге асырады;
- мемлекеттік мекеме атынан іс-жүргізу құқығына сенімхат беру, сонымен қатар қайта сену құқығына сенімхат беру;
- еңбек ақы төлеу жүйесін, қызметтік жалақыларды және деректік қосымша төлемдер мөлшерін белгілейді, сыйақы мәселелерін шешеді, марапаттау мен тәртіптік жауапкершілікке тарту шараларын қабылдайды;
- әртүрлі мәмілелерді және басқа да заңдылық актілерді жасау, келісімшарттарға, соның ішінде еңбектік, жұмысқа жалдану контрактілері бойынша мәмілеге тұру;
- мемлекеттік мекеменің мүлкіне оның қаржысына билік етеді, мемлекеттік мекеме қызметіне тікелей басшылығын жүргізеді және оның нәтижесінде дербес жауапкершілігін алып жүреді;
- құрылтайшының ерекше құзырына жатқызылмаған басқа да мәселелерді шешеді;
- мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз іс-қимыл жүргізеді, азаматтар мен заңды тұлғалар қатысында оның мүддесін ұсынады, оған берілген құқық шегінде мемлекеттік мекеменің мүлігіне билігін жүргізеді, есеп- шоттары мен басқа шоттарды ашады, келісімшарттарға соның ішінде еңбек шарттарына тұрады, сенімхаттар береді, бұйрықтар шығарады.

Мемлекеттік органның бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20.Бірінші басшы өз мамандарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21.Мемлекеттің органның алқалы органдары жоқ.

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Мемлекеттік органның заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Мемлекеттік органның мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Мемлекеттік орган өзіне бекітіліп берілген, өзінің балансында тұрған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

23.Мемлекеттік органның бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24.Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25.Мемлекеттік мекеменің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кентау қаласы әкімдігінің " Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелері жоқ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК